

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> арқылы, бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алуды жүзеге асыру үшін негіз> тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер жөнінде жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші <тауардың атауы> (бұдан әрі – тауар) Жеткізушіден тікелей шарт жасау арқылы <ҚҚС сомасын қоспағанда> __ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) сомасына сатып алу туралы шешім қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес жеткізуге міндеттеме алады.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан, <_____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығысын

қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* _____ (бұдан әрі – _____) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аудару арқылы жүргізеді:

- Жеткізуші жеткізген және Тапсырыс беруші қабылдаған Тауардың нақты саны үшін Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және Жеткізуші шот-фактураны/ЭШФ АЖ порталында электрондық шот-фактураны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы ақы төлейді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Факсимильді байланыс және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші болады және Тапсырыс беруші оларды кейіннен *<цифрлармен> <(жазумен)> <(күнтізбелік/жұмыс)>* күн ішінде түпнұсқаларға ауыстыра отырып қабылдайды (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі Жеткізушілер үшін).

2.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүзеге асырады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;
- 2) Жеткізуші Шарт талаптарына сәйкес жеткізген Тауарды *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуге міндеттенеді;

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, толықтығына және (немесе) моделінің сәйкессіздіктер, жөнді жасалмаулар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге, не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;
- 7) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде оның техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа 1-қосымша) сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын (жиынтығын) тексеруді жүзеге асыруға;
- 8) Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойғанға дейін Жеткізушінің өкілдерімен бірлесіп Тауарға тестілеуге;
- 9) Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарға ақы төлеуден бас тартуға;
- 10) Тауарды мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда, Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға болады.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптар бойынша жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды немесе кепілдік мерзімі кезеңінде анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асыруға;
- 4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 12 ішінде тауардың сапасына кепілдік беру *<тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* Тапсырыс берушіге кепілгердің

(Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге (*қажет болғанда*);

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлесіп Тауарды тестілеуге;

11) Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде Тауарды пайдалану кезінде Тапсырыс берушіге өтеусіз техникалық қолдау көрсетуге;

12) Тауарды жеткізу кезінде ішкі тәртіпті, режимдік талаптарды, қауіпсіздік техникасын, өртке қарсы қауіпсіздікті және санитариялық нормаларды сақтауға.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен сапалық сипаттамалары жақсартылған Тауарды жеткізуге құқылы.

3) Тауарды жеткізу мерзімін Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Тапсырыс берушіден жазбаша өтінім алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Тауарды жеткізуді Жеткізуші Z10K8M7, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21 мекенжайы бойынша өз есебінен жүзеге асырады.

4.3. Жеткізуші Тауарды Жеткізу орнына дейін толық жеткізілуін және оны тасымалдау және сақтау кезінде әртүрлі зақымданулардан сақталуын қамтамасыз ететін тиіс орамада жеткізуге міндеттенеді.

4.4. Тауар бұрын пайдаланылмаған жаңа болуы тиіс.

4.5. Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тапсырыс берушінің уәкілетті адамдары Жеткізушімен бірлесіп Тауарды жеткізу орны бойынша оның Шарттың талаптарына, техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына (Шартқа 1-қосымша) сәйкестігін тексеруді

жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті адамдары жүкқұжатқа қол қояды.

Тауарды бірнеше партиямен жеткізу кезінде жүкқұжатқа Тауарды толық көлемде жеткізгеннен кейін қол қойылады.

4.6. Жеткізілетін Тауар техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына (Шартқа 1-қосымша) сәйкес келмеген немесе Тауарды қабылдау-өткізу процесінде оның ақаулары анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы ақаулы Тауарды қабылдаудан бас тартады.

4.7. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстырады. Ақаулы Тауарды ауыстырғаннан кейін Тараптардың уәкілетті адамдары жүкқұжатқа қол қояды.

4.8. Жүкқұжатта көрсетілген күн Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

4.9. Жүкқұжатқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Тапсырыс берушінің уәкілетті адамдары Жеткізушімен бірлесіп Тауардың техникалық ерекше нұсқамасының (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ Тауарды оның жұмыс қабілеттілігіне тестілеуді жүргізеді. Ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қояды. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, Тауарды тестілеу мерзімін ұзартады.

4.10. Тестілеу кезінде Тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыруға міндетті. Ақаулы Тауарды ауыстырғаннан кейін Тараптардың уәкілетті адамдары ауыстырылған ақаулы Тауарды тестілеу нәтижелері бойынша Актіге қол қояды. Қайта тестілеу ақаулы Тауарды ауыстырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Қайта тестілеу кезінде Тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Тауарды қабылдаудан бас тарту және оған ақы төлеу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

4.11. Жеткізушінің ақаулы Тауарды Шарттың 4.7 және 4.10-тармақтарында белгіленген мерзімде бағасы мен тиісті сапасына ұқсас жаңа Тауарға ауыстыруға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған), Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

Шарттың 4.6, 4.7, 4.10 және 4.11-тармақтарында көзделген жағдайларда Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күні өз есебінен Тауарды өздігінен әкетуді жүзеге асырады. Тапсырыс беруші Жеткізуші әкетпеген Тауардың сақталуына жауапты болмайды.

4.12. Тауарға меншік құқығы Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 12 ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезінде жеткізілген Тауардан ақаулары анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден

жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) оларды өз есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды жаңа, бағасы боойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған ақаулы Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Ақаулы Тауарды жаңа, бағасы жағынан ұқсас және тиісті сападағы (не жақсартылған сапалы сипаттамалары бар) Тауарға ауыстырған жағдайда, ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі осындай ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда - ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы ұқсас және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) (ауыстыру күнін немесе ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік) күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Ақауларды жою және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыру мүмкіндігі болмаған/одан бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнынан 5% (бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнынан 5% (бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда жасырын ақпаратты жария еткен Тарап

екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын Жеткізушінің келісімінсіз дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.11. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерге беру жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, лаңкестік әрекеттер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер туындауы, шектеу шаралары, Қазақстан Республикасының құқықтық актілері қабылдануы салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімдері осындай жағдайлар орын алған кезеңге ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу жазбаша хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім болған фактілер дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, одан кейін Тараптардың ешқайсысы, басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуін талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге де жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін мақсатқа сай болуына қарай орындауды жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген мән-жайларға байланысты болмайтын балама тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан ____% (____ пайызы) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізеді.

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған

жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 2.1 және 11.1-тармақтарында көзделген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1 Шарт төрт данада жасалды: екеуі мемлекеттік тілде және екеуі бірдей заңды күші бар орыс тілінде.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтамайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>

<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>

<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство осуществить поставку Товара в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

2. ОБЩАЯ СУММА ДОГОВОРА И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ

